

"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ БАНКІ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛЫМШЫЛАРЫНЫҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ" ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ 1994 ЖЫЛҒЫ 20 ҚАҢТАРДАҒЫ N 1515 ЖАРЛЫҒЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 1994 жылғы 4 сәуір N 318. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.07.04. N 916 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының акционерлік банктерін қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 22 маусымдағы N 1274 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының халықтың банкі акционерлік болып табылатыны іске алынсын.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қаржы министрлігімен бірлесіп бір апта мерзімде аталған Банкті акционерлендіру шараларының орындалуын аяқтайтын болсын.

2. Халықты әлеуметтік қорғау және оның өз жинақтарын Қазақстан Республикасының Халықтық банкінде сақтауға ынталылығын арттыру мақсатында салымның барлық түріндегі жинақтары құнсыздануынан салымшылардың шеккен залалына "Бөлшек сауда бағаларын бір мезгілде өсіруге байланысты жинақтардың құнсыздануынан халықтың шеккен залалына өтем жасау туралы" КСРО Президентінің 1991 жылғы 22 наурыздағы N 1708 Жарлығына сәйкес ашылған өтем жасау шоттарындағы сомадан басқасына, біржолғы өтем жасалсын.

Аталған өтем 1994 жылғы 20 қаңтардағы қолданылып жүрген салымдардың 1992 жылғы 1 тамыздағы жағдайы бойынша 1000 рубль шегінде болған салымдардың қалдығын 50 есе ұлғайту жолымен жасалсын.

Қазақстан Республикасының Халықтық банкі 1994 жылғы 1 мамырға дейін өтем жасау сомасын есептеуді аяқтап, оны төлеуге кірісетін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасының Халықтық банкіне 1994 жылғы 1 маусымға дейін оның халыққа тұрғын үй шараларына арнап берген 25,9 млн. теңге несиесін және Халықтық банктің 1993 жылғы III және IV тоқсандарда халыққа жеңілдік шарттар негізінде берген кредиттері есебінен құралған 3,4 млн. теңге залалын төлесін;

1994 жылғы II тоқсанда халықтың салымдары құнсыздануынан шеккен залалына біржолғы өтем жасау үшін Халықтық банктің корреспонденттік шотына 850 млн. теңге, бұдан 425 млн. теңгені 1994 жылғы 1 мамырға дейін, ал қалған бөлігін - 1994 жылғы 25 маусымға дейін аударатын болсын.

4. Салымдар жөніндегі проценттік ставкаларды оқтын-оқтын арттыруға жағдай жасау мақсатында былай деп белгіленсін:

Қазақстан Республикасының Халықтық банкі тартқан ақшалай қаражат, әдетте, кредит ресурстары нарығында қалыптасқан ставкалар бойынша Ұлттық банк өткізетін аукцион арқылы сатылады. Оны сатудан алынған кіріс (банктің қосымшаға сәйкес шығының шығарып тастап) арнаулы шотта резервке алынады және жеке адамдардың салымдары мен депозиттері бойынша проценттік ставкаларды оқтын-оқтын арттыру үшін пайдаланылады;

инвестициялық және жол қорларына аударым мөлшерін анықтау кезінде Қазақстан Республикасы Халықтық банкінің кірісі мен шығысынан халыққа салымдар мен депозиттер бойынша төлейтін проценттер сомасы шығарып тасталады.

Қабылданған салық, коммуналдық және басқа төлемдер сомасы уақытша шоттарында жататын Қазақстан Республикасы Халықтық банкінің ерекшелігі ескеріліп, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне оған міндетті түрдегі резервтерді тек салымдар мен депозиттерге тартылған қаражаттан, резервке алынатын кіріс сомасын Ұлттық банктің қолданылып жүрген есепті ставкасының алыс-берісінен есептеу туралы мәселені қарастыру ұсынылсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ұлттық банкімен бірлесіп Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қарауына ұсыну үшін "Қазақстан Республикасының банкілері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы ұсыныстарды белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 4 сәуірдегі

№ 318 қаулысына

Қосымша

Қазақстан Республикасы Халықтық банкі мекемелерінің
кредит ресурстарын орналастырудан алынған кіріс есебінен

жасайтын шығындарының

Тізбесі

1. Бекітілген проценттік ставкалар бойынша салымдар мен депозиттер

жөнінде есепті күнтізбелік кезеңде есептелген проценттер.

2. Банктің әкімшілік-шаруашылық және операциялық шығындары, оның ішінде толық сомадағы жалдау ақысы.

3. Банктің штаттағы және штаттан тыс құрамдағы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуге арналған шығындар. Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Банк қызметкерлеріне төленетін аудандық коэффициенттер мен шөлейт, сусыз және биік таулы жерлердегі жұмысы үшін төленетін коэффициенттер.

4. Негізгі қорлар бойынша амортизациялық аударымдар.

5. Мақсатты қаржыландыру қорларына салықтар, алымдар және басқа міндетті түрдегі аударымдар.

6. Өкілдік шығындары.

7. Кредиттерді, депозиттерді, әртүрлі құнды дүниеліктер мен құжаттарды өтемеу тәуекелін сақтандыру жөніндегі сақтық төлемдері.

8. Банктің балансында тұрған өндірістік емес мақсаттағы объектілерді ұстау және тұрғын-коммуналдық шаруашылықтың, профилакторийлердің, демалыс үйлерінің шығынын төлеуге жұмсалатын шығындар.

9. Құрылысты қаржыландыруға, өндірістік және өндірістік емес мақсаттағы объектілерді, тұрғын жайларды, басқа да негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтерді сатып алуға жұмсалатын шығындар.

10. Компьютерлік, электронды және басқа банкі жабдықтарын, телекоммуникация құралдарын сатып алу жөніндегі шығындар, басқару жүйесі мен құралдарын жасау және оларды жетілдіру жөніндегі шығындар, оның ішінде бағдарламалар пакетін әзірлеу мен енгізу жөніндегі шығындар.

11. Күзет және өрт дабылын көтеру құрылысын салу жөніндегі шығындар.

12. Кадрлар даярлау жөніндегі шығындар.